

**"Байланыс саласындағы рұқсат құжаттарын ресімдеу және радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 11 наурыздағы N 13-п (N 2234 тіркелген) бұйрығына өзгертулер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 181-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 16 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3068. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009 жылғы 13 шілдедегі N 295 Бұйрығымен.

*Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009.07.13. N 295 Бұйрығымен.*

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін әрі қарай дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 13 маусымдағы N 1107 Жарлығына және "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Бұйырамын:

1. "Байланыс саласындағы рұқсат құжаттарын ресімдеу және радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 11 наурыздағы N 13-п (N 2234 тіркелген) бұйрығына келесі өзгертулер енгізілсін:

2 және 3 тармақтағы "Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті" сөздері "Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі" сөздерімен ауыстырылсын;

Осы бұйрықпен бекітілген, байланыс саласындағы рұқсат құжаттарын ресімдеу және радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу Ережесінде:

Ереженің мәтінінде "Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті", "Комитет", "Комитеті" сөздері сәйкесінше "Байланыс саласындағы уәкілетті орган", "Байланыс саласындағы уәкілетті органмен", "Уәкілетті орган", "Уәкілетті органмен" сөздерімен ауыстырылсын;

Ереженің 7 тармағының екінші абзацында: "жиырма" сөзі "елу" сөзімен ауыстырылсын;

"тағы да бір айға" сөздері "отыз күнге және төрт айға" сәйкесінше сөздерімен ауыстырылсын. Шекаралық мемлекеттермен радиожіліліктерді халықаралық келісу кезінде Уәкілетті орган өтініш берушіге өтінішін қарау уақыты созылатыны туралы хабарлама жазбаша түрде беріледі.";

18 тармақтағы "Комитеттің байланыс және ақпараттандыру жөніндегі облыстық басқармасының" сөздері "аумақтық органы" сөздерімен ауыстырылсын ;

Ереженің мәтнінде :

"Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеттің", "Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті", "Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитетімен" сөздері "Байланыс саласындағы уәкілетті органның", "Байланыс саласындағы уәкілетті органы", "Байланыс саласындағы уәкілетті органмен" сөздерімен ауыстырылсын ;

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің", "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" сөздері алынып тасталынсын ;

Ереженің 10, 16, 22, 23, 24, 25 және 26 қосымшаларындағы "ҚР ККМ БАК байланыс және ақпараттандыру жөніндегі аумақтық басқармалары" сөздері "Байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары" сөздерімен ауыстырылсын ;

Ереженің 11 қосымшасындағы "Қазақстан Республикасының ККМ" сөздері алынып тасталынсын ;

Ереженің 12, 18, 19, 20 және 21 қосымшаларындағы "облыстық байланыс және ақпараттандыру жөніндегі басқармасы" сөздері "аумақтық орган" сөздерімен ауыстырылсын ;

Ереженің 15 қосымшасындағы "облыстық" және "Комитеттің" сөздері алынып тасталынсын ;

Ереженің 22 және 23 қосымшасындағы "ҚР ККМ" сөздері алынып тасталынсын ;

Ереженің 23 қосымшасындағы "БАК лауазымды тұлғаларының" сөздері "Байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Байланыс саласындағы мемлекеттік қадағалау, лицензиялау және РЖС пайдалануды жоспарлау департаменті (Р.Р.Нұршабеков) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың тіркелуіне ұсынылуын қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төраға орынбасары А.Қ.Жұмағалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген мезетінен бастап күшіне енеді, таныстырылуға және таратылуға тиісті.

*Т ө р а ғ а*

*міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК